

Жетісай ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 2-14-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 мамырда № 6262-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 10 қазандағы № 7-48-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 10.10.2023 № 7-48-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Жетісай ауданының мәслихаты ШЕШТІК:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 2 (екі) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

М. Касимов